АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
РЕКТОРАТЫНЫҢ 2019 ЖЫЛҒЫ 13 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ

# ҚАУЛЫСЫ

1. «Шапағат» студенттерге цифрлы қызмет көрсету орталығының директоры *Т.А.Сейілхановтың* **«Шапағат» студенттерге цифрлы қызмет көрсету орталығының жұмысы»** туралы баяндамасын тыңдап және талқылай келе,

**РЕКТОРАТ ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

| № | Тапсырма | Орындаушы | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | «Шапағат» студенттерге цифрлы қызмет көрсету орталығының директоры *Т.А.Сейілхановтың* «Шапағат» студенттерге цифрлы қызмет көрсету орталығының жұмысы» ақпараты – назарға алынсын. | | |
| 2 | «Шапағат» студенттерге цифрлы қызмет көрсету орталығы жұмысының есебі – *қанағаттанарлық деп танылсын*. | | |
| 3 | - Білімді ақпараттандыру департаменті мен «Шапағат» студенттерге цифрлы қызмет көрсету орталығы бірлесе отырып, талап етілген орынға қажетті анықтаманы студенттерге “Универ” жүйесі арқылы электрондық форматта беру бағдарламасы әзірленсін.<br>- «Шапағат» студенттерге цифрлы қызмет көрсету орталығында берілетін анықтамаларды электронды түрге ауыстыруға арнайы жұмыстар жасалсын.<br>- «Шапағат» студенттерге цифрлы қызмет көрсету орталығынан берілетін анықтамалардың регламентін нақтылауға ұсыныс дайындалсын | Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры ***Х.Н.Жанбеков,***<br>Білімді ақпараттандыру департаментінің директоры ***Б.С.Ахметов,***<br>«Шапағат» студенттерге цифрлы қызмет көрсету орталығының директоры ***Т.А.Сейілханов***. | *2020 жылдың 31 наурызына дейін* |
| 4 | - университет түлектерінің ғылыми жұмыстарының (дипломдық жұмыстар, магистрлік диссертациялар) өз бетінше «плагиат» жүйесінен тексеру үшін «Универ» жүйесіне “АнтиплагиатВУЗ” бағдарламасын енгізу жұмыстары жүргізілсін. | Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры ***Х.Н.Жанбеков***,<br>Ғылым департаментінің директоры ***С.Қ.Сахиев,***<br>Білімді ақпараттандыру департаментінің директоры ***Б.С.Ахметов,***<br>«Шапағат» студенттерге цифрлы қызмет көрсету орталығының директоры ***Т.А.Сейілханов.*** | *2020 жылдың 31 қаңтарына дейін* |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **5** | «Шапағат» студенттерге цифрлы қызмет көрсету орталығына кеңес беру және бақылау жұмыстарын жүргізу мақсатында белсенді жастарды жұмылдыруға байланысты ұсыныс дайындалсын | Жастар ісі жөніндегі ректор кеңесшісі ***М.Д.Жақауов*** | *2020 жылдың 31 қаңтарына дейін* |

**2.** «Ұлағат» баспасының директоры *М.Е. Ізбасаровтың* **«Ұлағат баспасының жұмысы туралы»** есебін тыңдап және талқылай келе **РЕКТОРАТ ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

| | | | |
|---|---|---|---|
| **1** | Ұлағат баспасының есебі – қанағаттанарлық деп саналсын | | |
| **2** | - 2019/2020 оқу жылына «Ұлағат» баспасынан шығарылатын оқу-әдістемелік еңбектердің тізімі нақтыланып, бекітуге ұсынылсын. | *Институт директорларына,*<br>Білім беру бағдарламаларын жобалау департаментінің директоры ***А.М.Байдильдина,***<br>«Ұлағат» баспасының директоры **М.Е. Ізбасаров.** | *25.12.2019* |
| **3** | 2019/2020 оқу жылына «Ұлағат» баспасынан шығарылатын оқу-әдістемелік еңбектердің мерзімінде жариялану жауапкершілігі *институт директорларына жүктелсін*. | | *үнемі* |
| **4** | - «Ұлағат» баспасынан шығарылатын ғылыми журналдарды мерзімінде шығармаған бас редакторлар мен институт директорларының ғылыми ісі жөніндегі орынбасарларынан түсініктеме алынып, қолданылатын шара түріне ұсыныс дайындау жүктелсін. | Ғылым департаментінің директоры ***С.Қ.Сахиев***<br>*Жауапты хатшылары мен орынбасарлары* | *25.12.2019* |

**3.** Тестілеу орталығының басшысы *Д.Н.Исабаеваның* «**Университеттің ОЖСБ жұмысының нәтижесі**» туралы баяндамасын тыңдап және талқылай келе, **РЕКТОРАТ ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

| | | | |
|---|---|---|---|
| **1** | - ОЖСБ нәтижесі кафедра мәжілістерінде талқылансын. | *Институт директорлары,*<br>*Кафедра меңгерушілері.* | *20.12.2019* |
| **2** | - Университеттің ОЖСБ жұмысының нәтижесіне байланысты арнайы жұмыс тобы құрылсын.<br>- құрылған жұмыс тобы ОЖСБ-дан нашар нәтиже көрсеткен кафедралардың деңгейін, білім бағдарламаларын анықтап, профессор-оқытушылар құрамының біліктілігін тексеру жұмыстарын жүргізіп, қаңтар айындағы ректорат мәжілісіне есеп дайындасын. | Оқу ісі жөніндегі проректор ***А.А.Сатмырзаев,***<br>Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры ***Х.Н.Жанбеков.*** | *15.01.2020* |

**4.** Тестілеу орталығының басшысы *Д.Н.Исабаеваның* «**Тестілеу орталығының қысқы емтихан сессиясына дайындығы**» туралы баяндамасын тыңдап және талқылай келе, **РЕКТОРАТ ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

| | | | |
|---|---|---|---|
| **1** | Тестілеу орталығының басшысы *Д.Н.Исабаеваның* «**Тестілеу орталығының қысқы емтихан сессиясына дайындығы туралы**» туралы ақпараты – *назарға алынсын*. | | |
| **2** | Тестілеу уақытының өзгерістеріне байланысты емтихан кестесі қайта бекітілсін. | Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры ***Х.Н.Жанбеков,***<br>*Институт директорлары,*<br>*Кафедра меңгерушілері* | *15.01.2020* |

**5.** Берілген шешімдердің орындалуын қадағалау бірінші проректор *М.А.Бектемесовке* жүктелсін.

Ректорат төрағасы Т.Балықбаев

Бас ғалым хатшы Ж.Сейсенбаева